

ҚАУЛЫ шағымды қанағаттандыру туралы

Мырзакент кенті

2025 жыл 6 сәуір

Мақтаарал ауданы прокурорының орынбасары Романов Д.К., ҚР ҚК-нің 174-бабы 2-бөлігі бойынша №255143031000056 СДТБТ сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын зерделей отырып ҚР ҚПК-нің 105-бабы тәртібінде қорғаушы Ғ.Саржановтың (Е.Абиловтың мүддесі үшін) №Ж5143012500001 шағымын қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

Мақтаарал аудандық ПБ-мен ҚК 174-бабы 1-бөлігімен басталған №255143031000006 сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында, «Whatsap» әлеуметтік желісінде ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыратын аудио және видеожазбалар жарияланғаны анықталған.

28.02.2025 жылы бұл факт Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 174-бабы 2-бөлігі көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша Мақтарал ауданының ПБ №255143031000056 СДТБТ-ға тіркелді.

2025 жыл 2 сәуір Түркістан облысы Мақтаарал ауданының прокуратурасына ҚР ҚПК 105-бабының тәртібінде қорғаушы Ғ.Саржановтың №Ж5143012500001 тергеушінің өтінішхатты ішінара қанағаттандыру туралы қаулысын заңсыз деп танып, заң бұзушылыққа жол берген қызметкерлерге қатысты шара көру туралы уәждер келтірген шағымы келіп түскен:

Онда тергеушінің 13 наурыз 2025 жылғы қабылданған қорғаушының өтінішхатын жартылай қанағаттандыру туралы қаулысын заңсыз деп тануды және заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында прокурорлық қадағалау актісін енгізуді сұраған.

Шағым келіп түскен кезде №255143031000056 сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша алдын ала тергеп-тексеру сатысында болған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын зерделеу және баяндалған дәлелдерді тексеру нәтижелері бойынша қорғаушы Ғ.Саржановтың №Ж5143012500001 шағымы мынадай негіздер бойынша қанағаттандырылуға жатады:

ҚПК 99-бабы 5-бөлігіне сәйкес гер өтінішхат істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге, процеске қатысушылардың немесе басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге ықпал ететін болса, ол қанағаттандырылуға тиіс.

13.03.2025ж. тергеуші Д.Жақсылық қорғаушы Ғ.Саржановтың іс бойынша ҚПК 99-бабына сәйкес келтірген өтінішхатын «Атакент Бауырлар» тобының мүшелерінен қосымша тізімде көрсетілген сұрақтарды қою бөлігінде қанағаттандырудан бас тартқан.

Бұл заңдылықты бұзушылыққа қатысты кінәлі тұлғалардың қатаң тәртіптік жауаптылықтарын қарау туралы прокурорлық ықпал ету актісі енгізілуге жатады.

Осыған орай тергеуші Д.Жақсылықтың 13.03.2025ж. қорғаушының өтінішхатын ішінара қанағаттандыру туралы қаулысының күші жойылып, қорғаушының өтінішхаты толық қанағаттандырылады.

Баяндалғанның негізінде ҚПК-нің 105-бабының 3,4-бөліктерін, 198-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

1. Қорғаушы Ғ.Саржановтың 2025 жыл 2 сәуір №Ж5143012500001 тергеушінің 13 наурыз 2025 жылғы ҚПК 99-бабының талаптарына сәйкес қабылдаған өтінішхатты ішінара қанағаттандыру туралы қаулысын заңсыз деп танып, №3Т-2025-00785977 өтінішхатындағы көрсеткен сұрақтарын қамти отырып «ватсап» әлеуметтік желісіндегі «Атакент Бауырлар» және «Бауырлар» тобының барлық топ мүшелерінен жауап алуды міндеттеу туралы шағымы шағым жасалған шешімнің күшін жоюмен немесе өзгертумен қанағаттандырылсын.

2. Тергеушінің 13 наурыз 2025 жылғы қабылданған қорғаушының өтінішхатын ішінара қанағаттандыру туралы қаулысы заңсыз деп танылсын.

3. Осы қаулы, қорғаушы Ғ.Саржановтың шағымы және тексеру материалдары сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына қоса тігілсін.

4. Қаулының көшірмесі қадағалаушы прокурорға жіберілсін.

5. Қабылданған шешім туралы шағым берген адамға хабарлансын.

**Мақтаарал ауданы прокурорының
орынбасары**

Романов Д.К.



QR-код ЭЦК қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦК туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды

200000142357
(шығыс нөмірі)
06.04.2025 ж.

Ілісне хат

**"Адвокатская контора
Закон и Право"**

Қазақстан Республикасы,
Алматы, Жетісу ауданы, ---,
пр Абылай хан көшесі, 79 үй,
304 пәтер

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 105-бабына сәйкес №Ж5143012500001 шағымды толық қанағаттандыру туралы қаулысы жолданады.

Қосымша: қаулы ___ парақта.

**Мақтаарал ауданы прокурорының
орынбасары**

Романов Д.К.

*орынд.: Романов Д.К.
тел.: 7253103*



QR-код ЭЦК қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦК туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды